

Әмірліктерінің Үкіметі арасындағы Дипломаттық паспорттарды иеленуші азаматтардың өзара визасыз сапарлары туралы келісімнің (бұдан әрі – Келісім) 7-бабын б а с ш ы л ы қ қ а а л а о т ы р ы п , төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Келісімнің атауы мынадай редакцияда жазылсын:
«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Араб Әмірліктерінің Үкіметі арасындағы Дипломатиялық, қызметтік және арнайы паспорттарды иеленуші азаматтардың өзара визасыз сапарлары туралы келісім».

2. Келісімнің 1-бабы мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Тараптар Келісімді іске асыру мақсатында бір Тарап мемлекеті азаматтарының екінші Тарап мемлекетінің аумағына кіруі үшін жарамды құжаттар тізбесіне мынадай құжаттарды енгізуге уағдаласты:

1) Қазақстан Республикасының азаматтары үшін:
дипломатиялық паспорт;
қызметтік паспорт;

2) Біріккен Араб Әмірліктерінің азаматтары үшін:
дипломатиялық паспорт;
арнайы паспорт.

2. Екінші Тарап мемлекетінің аумағында орналасқан дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелердің қызметкерлерін қоспағанда, бір Тарап мемлекетінің азаматтары – осы баптың 1-тармағында көрсетілген паспорттардың иелері екінші Тарап мемлекетінің аумағына халықаралық қатынас үшін ашық өткізу пункттері арқылы визасыз кіруге және одан шығуға, оны кесіп өтуге және онда күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімде болуға құқылы.».

3. Келісімнің бүкіл мәтіні бойынша кездесетін «дипломаттық паспорт (-қа; -тың; -тары; -тарды; -тардың;» деген сөздер «дипломатиялық, қызметтік және арнайы паспорт (-қа; -тың; -тары; -тарды; -тардың;» деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруден немесе қолданудан туындайтын кез келген келіспеушіліктер мен даулар Тараптар арасындағы консультациялар және келіссөздер жолымен шешіледі.

3-бап

Осы Хаттама белгіленбеген мерзімге жасалады және Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Хаттама Келісімнің қолданысы тоқтатылған күннен бастап өз қолданысын т о қ т а т а д ы .

20__ жылғы «__» _____ қаласында әрқайсысы қазақ, араб және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

| | | | |
|-----------------------------------|------------------------|-------------------------------------|---------------------|
| <i>Қазақстан Үкіметі үшін</i> | <i>Республикасының</i> | <i>Біріккен Араб Әмірліктерінің</i> | <i>Үкіметі үшін</i> |
|-----------------------------------|------------------------|-------------------------------------|---------------------|